

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№13 бөбекжайы» КМҚК

Ата - аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы № 2

Күні: 21.10.2022ж.

Қатысқаны: 17

Қатыспағаны: 8

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгерту бойынша түсіндіру жұмыстары.

**Өткізілу нысаны:** дөңгелек үстел

**Ата - аналар жиналыстарын өткізудің мақсаты:** мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартуға, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгертуге қатысты ата - аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу, тәрбиелеу - білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата - аналардың жауапкершілігін арттыру.

**Міндеттері:**

- 1) балаларды дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тарту;
- 2) ата - аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- 3) балаларға мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын іске асыру үшін жайлы жағдай жасауда отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш - жігерін біріктіру;
- 4) өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепке дейінгі ұйымның педагогтері мен ата - аналары арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдау;
- 5) ата - аналар институтының жұмысын ұйымдастыру (жас аналар мектебі, әжелер мектебі, аталар мектебі, әкелер мектебі).

**Күтілетін нәтижелер:**

- 1) ата - аналарға білім беру процесінің қатысушылары болуға мүмкіндік беріледі;
- 2) ата - аналар үйде баланың толық дамуына жағдай жасау үшін консультациялық көмек алады.

**Тыңдалды:**

Мектепалды «Гүлім» тобының тәрбиешісі Улжан Кабылкановна сөз алды. Құрметті ата - аналар! Ата - аналар жиналысында кездескенімізге қуаныштымын. Біз бен сіздерді байланыстырып тұрған әрине балалар. Сол балаларымыз аман болсын! Балаларыңыз тек сіздерді жақсы қылықтарымен қуанта берсін дей келе быиылғы оқу жылына мектепке дейінгі білім беру

қызметтерінің сапасын арттыру мен жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленіп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды реттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Жиналысымызды ашуға рұқсат етіңіздер.

Мектепке дейінгі кезең - мектепке дайындық сатысы, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамыту кезеңі. Демек, бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту тәсілінің ұйымдастырылған оқу қызметінен баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс. Педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құрудың маңызы зор. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың стандарты.

Тәрбиелеу - білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы ісшаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады. Осы орта арқылы балалардың әлеуметтік, танымдық, коммуникативтік құзыреттіліктерін арттырамыз.

#### **Ата – аналар жиналысының шешімі:**

1. Ата - аналарға білім беру процесінің қатысушылары болуға мүмкіндік беру
2. Ата - аналар үйде баланың толық дамуына жағдай жасау үшін консультациялық көмек беру
3. Балаларға балабақшада беріліп жатқан сапалы білім мен тәрбиені отбасында жалғастыру ата - аналарға ұсыну

Меңгеруші

Хатшы



Успанова А.О.

Омарова Қ.С.